

БӨЛІМ: ЭССЕ

“Біз жаңа Қазақстанның ұрпағымыз” эссе

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.10.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/144042/

Біз- жаңа Қазақстанның ұрпағымыз

Қазақстан-әлемдегі ең ғажайып мекен.Сан ғасырлық тарихы бар Қазақстан бүгінде гүлдеп,дамып келеді.Осындай күнге жетуімізге себепші болған,әрине,ол-Тәуелсіздік.Тәуелсіздік-біртұтастығымыздың алтын діңгегі.Тәуелсіздік жолындағы ата-бабаларымыздың жанкешті ерліктері есімізде мәңгі сақталады.Ендігі кезекте тамыры тереңге жайылған Тәуелсіздігімізді сақтап қалу-біздің және жас ұрпақтың қолында.

Қазақстан-әлемдік өзіндік шекарасы,қайталанбас тарихы,діні мен тілі,салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы,мәдениеті мен өркениеті бар дербес мемлекет.Қазіргі нарықтық заманда,дамыған елдер қатарынан ойып тұрып орын алып,мәдениеті мен экономикасын әлемге танытып отыр.

Осы уақытқа дейін еліміз көптеген қиындықтарды бастан өткерді.Соның бірі-Тәуелсіздік жылдарында еліміздің саяси тұрақсыздығы болды.Біз соған қарамастан,ынтымағымыз бен бірлігіміздің арқасында әлем мойындаған мемлекетке айналдық.Қазіргі кезде демократиялық құндылықтарға басты назар аударып,жаңа Қазақстанды құруға әрекет жасаудамыз.Осы турасында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазір жаңа Қазақстанның не екенін түсіндіру ерекше маңызды.Әр азаматтың бұған қатысты өз пайымыбар екені түсінікті.Мен бұған дейін айтқанымдай,Жаңа Қазақстан дегеніміз бұл-Әділетті Қазақстан.Оны құруға әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз керек.Жаңа Қазақстан нақты көрсеткіштері бар жол картасы емес.Бұл мемлекет пен қоғамды дамыту жүйесін түбегейлі жаңарту деген сөз деп мен тағы айтқым келеді»,-деді жолдауында.Осыған орай,жаңа Қазақстанды құру,үлкен мүмкіндіктер мен тың идеяларға жол ашу-жастардың құзыреттілігінде.Қазіргі таңда жастарымыз үздіксіз білім алып,тыңдай еңбектеніп еліміздің дамуына зор үлес қосып жатыр деп сенімді түрде айта аламын.Себебі мемлекетіміз білемін,дамимын деген жандарға көптеген мүмкіншіліктерге жол ашып берді.Мемлекетіміз жастарға білім-ғылым саласынан тыс,әлеуметтік жағдайларын реттеуге бағдарламалар жасақтады.Міне,осылайша жастарымыз мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалануда.

Мен жаңа Қазақстанды көзіме елестетсем, Асан қайғы желмаясына мініп, іздеген Жерұйығы-осы Тәуелсіз Қазақстан. Осындай қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатқанымызға риза болуымыз керек. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы», - деген асыл сөзін еске алып және мемлекетіміздің бағдарламаларын жұмыла жүзеге асырсақ, Қазақ елі жоғын табады. Осылайша, әрқайсымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жаңа Қазақстанның құрылуына үлес қоссақ, нұр үстіне нұр болар еді. Сондықтан, Қазақстан-жаңа, рухани өркениетіміздің негізі. Ал оны қолдап, қорғау-жастардың міндеті.,

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.